

**«Бәйтерек» ұлттық басқарушы
холдингі» акционерлік қоғамы
Басқармасының шешімімен
бекітілді**

**«Бәйтерек» ұлттық басқарушы
холдингі» акционерлік қоғамы
Басқармасының қатысу тәртібімен
өткен отырысының 2018 жылғы 28
қарашадағы № 52/18 хаттамасына
№ ____қосымша**

**«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік
қоғамының тұрақты даму
саясаты**

Астана қ.
2018 жыл

Мазмұны

1-тарау. Жалпы ережелер	3
1 Қолдану саласы.....	3
2 Холдингтің тұрақты даму саласындағы мақсаттары мен міндеттері.....	7
3 Тұрақты даму қағидалары	8
4 Мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік	8
2-тарау. Холдингтің тұрақты даму саласындағы қызметінің бағыттары.....	13
5 Тұрақты дамудың экономикалық, экологиялық және әлеуметтік құрауыштары.....	13
5.1 Ұлттық экономиканың тұрақты дамуына қолғабыс көрсету	13
5.2 Өзіндік экологиялық ықпалды басқару	14
5.3 Жауапты еңбек практикасы	15
5.4 Жауапты іскерлік практика.....	16
3-тарау. Осы Саясатты іске асыру тетіктері	17
6 Жауапкершілікті бөлу	17
7 Тұрақты даму қағидаларының түйінді процестерге интеграциясы.....	18
8 Тұрақты даму саласындағы ақпаратты ашу.....	21
4-тарау. Қорытынды ережелер	21

1-тарау. Жалпы ережелер

1 Қолдану саласы

1. «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының осы Тұрақты даму саясаты (бұдан әрі - Саясат) Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Холдинг) Жарғысына, Холдингтің Корпоративтік басқару кодексіне және Холдингтің қызметін реттейтін өзге ішкі құжаттарға сәйкес, сондай-ақ БҰҰ Ғаламдық шартының талаптарын, БҰҰ жауапты инвестициялау қағидаларын, АА 1000 Стандарттар Сериясын, ISO 26000:2010 «Әлеуметтік жауапкершілік бойынша нұсқау» Халықаралық стандартын, Есептілік бойынша ғаламдық бастаманың тұрақты даму саласындағы есептілік стандарттарын (GRI Стандарттарын) ескере отырып әзірленді.

2. Осы Саясаттың мақсаты – тұрақты даму саласындағы басқару жүйесін құру кезінде Холдинг ұстануы тиіс негізге алынатын нормаларды, қағидаларды, ережелер мен тәсілдерді анықтау.

3. Осы Саясаттың міндеттері:

1) Холдинг қызметінің тұрақты даму саласындағы оның ішінде мүдделі тараптармен өзара әрекеттестіктің тиімді және айқын жүйесін құру бөлігінде қағидалары мен бағыттарын анықтау;

2) Тұрақты даму қағидаларын іске асыру үшін Холдингтің әрбір органының және барлық жұмыскерлерінің рөлін, құзыреттілігін, жауапкершілігін бекіту;

3) Холдингтің тұрақты дамуы мен түйінді процестерінің өзара байланысын анықтау.

4. Тұрақты даму саласындағы міндеттерін шеше отырып, Холдинг өз миссиясына, Холдингтің Даму стратегиясының ережелеріне сүйенеді, сондай-ақ тұрақты даму саласындағы халықаралық стандарттармен бекітілген халықаралық тәртіп нормалары мен қағидаларын пайдаланады.

5. Тұрақты даму саласындағы халықаралық стандарттарды пайдалануды Холдинг өз қызметінің үздік халықаралық практикаға сәйкестігін қамтамасыз етудің және тұрақты даму саласындағы мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізудің қажетті шарты ретінде қарайды.

6. Осы Саясаттың ережелерін Холдингтің барлық жұмыскерлері мүдделі тараптармен өзара әрекеттестікті қозғайтын бөлігінде, өз қызметін жоспарлау және жүзеге асыру, ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу, ақпарат тарату және коммуникацияның басқа түрлері кезінде сақтауы тиіс.

7. Холдингтің еншілес ұйымдары осы Саясаттың ережелерін ескеретін тұрақты даму саласындағы ішкі нормативтік құжаттарын Холдингтің еншілес ұйымдарының Директорлар кеңесінің/Байқаушы кеңесінің бекітуіне

шығарумен әзірлеуді қамтамасыз етеді, сондай-ақ олардың қолданылуын бақылауды жүзеге асырады.

8. Осы құжатта келесі негізгі терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) БҰҰ Ғаламдық шарты – тұрақты даму саласындағы ірі халықаралық бастама, оның мақсаты іскерлік қоғамдастықтың қызметіне адам құқықтары, еңбек қатынастары, қоршаған ортаны қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы он негізгі қағидаларды енгізу болып табылады.

2) еншілес ұйымдар – дауыс беруші акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайызы Холдингке меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тікелей тиесілі заңды тұлғалар.

3) мүдделі тарап (стейкхолдер) – Холдингке және оның қызметіне ықпал ететін және/немесе Холдинг тарапынан өздеріне ықпалды сезінетін жеке және заңды тұлғалар немесе тұлғалар тобы (мысалы, жұмыскерлер, клиенттер, контрагенттер және т.б.).

4) Даму индексі – Холдингтің Даму стратегиясына, мемлекеттің даму бағдарламаларына және Холдинг пен оның еншілес ұйымдарының қызметінің мақсатына сәйкес қаржылай қолдау беру туралы шешім қабылдау кезінде Холдингтің қабылданған Инвестициялық саясатына сәйкес есептеп шығарылатын әлеуетті жобаларды басым ету құралы.

5) Стейкхолдерлер картасы – стейкхолдерлердің әрқайсысымен жұмыс стратегиясын әзірлеу мақсатында Холдингтің айналасы туралы ақпаратты жүйелендіруге және визуалдандыруға мүмкіндік беретін құрал.

6) бәсекелестер – қызмет саласы, мүдделері мен мақсаты Холдингтің және оның еншілес ұйымдарының қызмет саласымен, мүдделерімен және мақсатымен бірдей жеке немесе заңды тұлғалар.

7) шарт бойынша қайсыбір міндеттемелерді өзіне қабылдаған контрагенттер – жеке немесе заңды тұлғалар (мысалы, жеткізушілер, әріптестер).

8) «жасыл кеңсе» тұжырымдамасы – жұмыскерлердің экологиялық саналылық деңгейін көтеруге бағытталған техникалық және ынталандыру-білім беру іс-шараларын қамтитын кешенді тәсіл.

9) ISO 26000:2010 «Әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі нұсқау» халықаралық стандарты – әлеуметтік жауаптылықтың қағидаларын, әлеуметтік жауапкершілікке қатысты негізгі тақырыптар мен проблемаларды және стратегиядағы әлеуметтік-жауапты тәртіп интеграциясының тәсілдерін, ұйымдастыру жүйесін, практикасын және процестерін айқындайтын стандарт.

10) Халықаралық Қаржы Корпорациясы – Дүниежүзілік банк Тобына кіретін, қызметіне дамушы елдердің жеке секторына ғана жұмылдырылған халықаралық қаржы институты.

11) менеджмент – Басқарма Төрағасы, мүшелері, Аппарат Басшысы және Басқарма мүшелері болып табылмайтын Холдингтің Басқарушы директорлары.

12) басқару органы – Директорлар кеңесінің Төрағасы және мүшелері.

13) БҰҰ жауапты инвестициялау қағидалары (UN PRI Principles) – экологиялық және әлеуметтік факторларды, сондай-ақ инвестициялық қызметтің барлық кезеңдерінде адал корпоративтік басқару факторларын (ESG факторлары) есепке алуға негізделген қағидалар кешені.

14) сақтық қағидасы – бұл қағида қоршаған ортаның жағдайының нашарлауын болдырмау жөніндегі тиімді шаралар қабылдауды, тіпті олардың толық ғылыми негіздемесі болмаған кезде де экологиялық апаттарды болдырмау жөніндегі алдын ала әрекеттер жасауды білдіреді.

15) Экватор Қағидалары (Equator principles) – ХҚК қолданатын табиғат қорғау және әлеуметтік стандарттарға негізделген жобалық қаржыландыру шеңберінде экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді бағалау үшін қаржы ұйымдары әзірлеген және қабылдаған нормалар кешені.

16) жоба – Холдингтің және оның еншілес ұйымдарының мыналарға қаржылай және қаржылай емес қолдау көрсетуін білдіретін әлеуетті немесе жасалған мәміле:

- түпкілікті алушыға (тікелей қолдау кезінде);
- екінші деңгейдегі банктерге, даму банктеріне, микроқаржы ұйымдарына, лизинг компанияларына, кредиттік серіктестіктерге және өзге заңды тұлғаларға кейіннен қаржыны түпкілікті алушыға бағыттау мақсатында депозиттік қаражаттарды орналастыру/мақсаттық кредиттерді беру түрінде (жанама қолдау кезінде);

- инвестициялық қорларға және тікелей инвестиция қорларына кейіннен қаржылай қолдауды түпкілікті алушыға бағыттау мақсатында капиталға кіру түрінде (жанама қолдау кезінде);

- Холдингтің Инвестициялық саясатының ережелеріне, Холдингтің және оның еншілес ұйымдарының жарғылық мақсаттарына, стратегиялары мен миссияларына сәйкес келген кезде үлестік және борыштық қаржыландыру құралдары арқылы, инновациялық гранттар беру, кепілдікпен және сақтандырумен қолдау, сондай-ақ субсидиялау.

17) AA1000 стандарттар сериясы – Account Ability Институты (Әлеуметтік және әдептік есептілік институты) әзірлеген қаржылай емес есептілікті басқару және оның сапасын қамтамасыз ету құралдары мен стандарттарының жиыны. AA1000 стандарттар сериясына мыналар кіреді:

- Account ability AA1000 (AA1000APS) қағидалар стандарты;

- AA1000 (AA1000AS) анықтау стандарты;
- AA1000 (AA1000SES) мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік стандарты.

18) Есептілік бойынша ғаламдық бастаманың тұрақты даму саласындағы есептілік стандарттары (GRI Стандарттарын) – барлық ұйымдарға қолданылатын 3 әмбебап стандартты қамтитын және есептілікті дайындаудың қағидалары мен талаптарын, ашудың жалпы элементтерін және менеджмент тәсілі туралы мәліметтерді және экономикалық, экологиялық және әлеуметтік тақырыптарды ашу жөніндегі стандарттар сериясы құрамына кіретін 33 тақырыптық стандартты қамтитын стандарттар жиыны.

19) Стратегия-2050 – Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы, оның басты мақсаты күшті мемлекет, дамыған экономика және жалпыға бірдей еңбек мүмкіндігі негізінде берекелі қоғам құру, Қазақстанның әлемнің дамыған елдерінің отыздығына кіруі болып табылады.

20) тұрақты даму – Холдинг өз қызметінің қоршаған ортаға, экономикаға, қоғамға ықпалын басқаратын және мүдделі тараптардың мүдделерінің сақталуын ескере отырып шешім қабылдайтын даму. Тұрақты даму болашақ ұрпақты өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндігінен айырмай қазіргі ұрпақтың қажеттіліктеріне жауап беруі тиіс.

21) ESG факторлары – халықаралық қауымдастық мойындаған стандарттарға негізделген экологиялық тиімділік және қоршаған ортаны қорғау, әлеуметтік бағытталғандық және адал корпоративтік басқару қағидаларының кешені.

22) БҰҰ тұрақты даму мақсаттары – 2030 жылға дейінгі кезеңге тұрақты даму саласындағы Күн тәртібінің шеңберінде қабылданған және кедейлікті жоюға, планетаның ресурстарын сақтауға және барлық адамдар үшін аман-саулықты қамтамасыз етуге бағытталған 17 мақсат және 169 міндет.

9. Осы құжатта келесі қысқартулар пайдаланылады:

- 1) ЕҰ – еншілес ұйымдар
- 2) КБК – Корпоративтік басқару кодексі
- 3) ҚТК – қызметтің түйінді көрсеткіштері
- 4) ХҚК – Халықаралық Қаржы Корпорациясы
- 5) БҰҰ – Біріккен Ұлттар Ұйымы
- 6) Даму стратегиясы – Холдингтің 2014-2023 жылдарға Даму стратегиясы
- 7) ESG – Environmental, Social and Governance
- 8) GRI – Global Reporting Initiative

2 Холдингтің тұрақты даму саласындағы мақсаттары мен міндеттері

10. Холдингтің тұрақты дамуы – бұл Холдинг өз қызметін жүзеге асыруы кезінде:

- 1) мүдделі тараптармен қарым-қатынастарды басқару;
- 2) ұлттық экономикаға, әлеуметтік салаға және экологияға ықпалды бағалау және басқару бөлігінде басшылыққа алатын қағидалар мен міндеттемелер жиынтығы.

11. Холдинг ұзақ мерзімді кезеңде тұрақты даму үшін өзінің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мақсаттарының келістілігін қамтамасыз етеді.

12. Холдингтің тұрақты дамуының экономикалық құрауышы келесі мақсаттарды қамтиды:

- 1) Холдингтің және оның ЕҰ қызметінің залалсыздығы;
- 2) акционерлер мен инвесторлардың мүдделерін қамтамасыз ету;
- 3) процестердің тиімділігін көтеру;
- 4) неғұрлым жетілген технологияларды құруға және дамытуға инвестициялардың өсуі;
- 5) еңбек өнімділігін арттыру;
- 6) жаңа жұмыс орындарын құру;
- 7) шикізаттық емес салалардың экспортының өсуін ұлғайту;
- 8) өңдеуші өнеркәсіпті өсіру.

13. Холдингтің тұрақты дамуының экологиялық құрауышы келесі мақсаттарды қамтиды:

- 1) биологиялық және физикалық табиғат жүйелеріне ықпалды азайту;
- 2) шектеулі ресурстарды оңтайлы пайдалану;
- 3) экологиялық, энергия және материал үнемдейтін технологияларды қолдану.

14. Холдингтің тұрақты дамуының әлеуметтік құрауышы келесі мақсаттарды қамтиды:

- 1) жұмысқа қабылдау кезінде айқын конкурстық рәсімдерді және тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету;
- 2) әділ сыйақы және жұмыскерлердің құқықтарын сақтау;
- 3) еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жұмыскерлердің денсаулығын сақтау;
- 4) жұмыскерлерді оқыту және кәсіби дамыту;
- 5) ішкі және сыртқы әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру.

15. Холдингтің тұрақты даму саласындағы міндеттері:

- 1) тұрақты даму қағидаларын Холдингтің және оның ЕҰ-ның қызметіне интеграциялау;
- 2) қызметке талдау жүргізу және тұрақты дамудың үш құрауышы бөлігінде тәуекелдерді бақылау;

3) жүйелік жұмысты ұйымдастыру есебінен тұрақты дамуды басқару сапасын көтеру;

4) мүдделі тараптармен Холдингтің тиімді өзара әрекеттестік тетіктерін құру, оның ішінде тұрақты даму саласында қызмет нәтижелері туралы ұдайы хабарландыру болып табылады.

3 Тұрақты даму қағидалары

16. Холдинг өз қызметінің шеңберінде Холдингтің КБК-де бекітілген тұрақты дамудың келесі қағидаларын басшылыққа алады: ашықтық, есеп берушілік, айқындық, әдепті тәртіп, мүдделі тараптардың мүдделерін сақтау, заңдылық, адам құқықтарын сақтау, сыбайлас жемқорлыққа төзімсіздік, мүдделер қақтығысына жол бермеушілік.

17. Холдинг сонымен қатар өз қызметінде БҰҰ Ғаламдық шартының қағидаларына бейімділігін мәлімдейді:

1) адам құқықтарын қорғау саласында:

– Холдинг халықаралық деңгейде жарияланған адам құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді және құрметтейді;

– Холдинг адам құқықтарының бұзылуына қатысы жоқтықты қамтамасыз етеді.

2) еңбек қатынастары саласында:

– Холдинг ұжымдық шарттарды жасасу құқығын қолдайды және мойындайды;

– Холдинг мәжбүрлі және бала еңбегін, еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілікті жоюға қолғабыс көрсетеді.

3) қоршаған ортаны қорғау саласында:

– Холдинг экологиялық мәселелерге сақтық қағидасына негізделген тәсілді қолдайды;

– Холдинг қоршаған ортаның жағдайы үшін жауаптылықты көтеруге бағытталған бастамаларды қабылдайды;

– Холдинг экологиялық қауіпсіз технологиялардың дамуына және таралуына қолғабыс көрсетеді.

4) сыбайлас жемқорлықпен күрес саласында:

– Холдинг сыбайлас жемқорлықтың барлық нысандарына және басқа заңға қайшы әрекеттерге, соның ішінде бопсалаушылық пен парақорлыққа төзімсіздікті мәлімдейді.

4 Мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік

18. Холдингте тұрақты дамудың сәтті және тиімді саясатын жүргізу үшін мүдделі тараптармен өзара әрекеттестікке лайықты көңіл бөлінеді.

19. Мүдделі тараптардың тізбесін, оларың ықпал ету дәрежесін және Холдингтің мүдделеріне ықпал ету аяларын анықтау мақсатында Холдингтің Стейкхолдерлер картасы әзірленді. Холдингтің ЕҰ мүдделі тараптарды

анықтаудың және өзара әрекеттестік жасаудың халықаралық стандарттарына сәйкес ұқсас стейкхолдерлер картасын әзірлеуді және бекітуді қамтамасыз етеді.

20. Холдинг ықпал ету саласына байланысты мүдделі тараптардың үш тобын белгілейді: өкілеттіктер және жауапкершілік саласы, тікелей ықпал ету саласы, жанама ықпал ету саласы.

21. Өкілеттіктер/жауапкершілік саласы:

- 1) Жалғыз акционер;
- 2) басқару органы;
- 3) менеджмент;
- 4) персонал.

22. Тікелей ықпал ету саласы:

- 1) мемлекеттік органдар;
- 2) ЕҰ;
- 3) инвесторлар;
- 4) қаржы институттары;
- 5) жеткізушілер;
- 6) әріптестер;
- 7) клиенттер, тұтынушылар;
- 8) аудиторлар;
- 9) консалтинг ұйымдары.

23. Жанама ықпал ету саласы:

- 1) халық;
- 2) қоғамдық ұйымдар;
- 3) бұқаралық ақпарат құралдары;
- 4) бәсекелестер.

24. Мүдделі тараптардың маңыздылығын бағалау кезінде Холдинг мүдделі тараптарды екі фактор: стейкхолдерді қолдау/қарсы іс-қимыл дәрежесі, оның Холдингке ықпалының күшін бағалау бойынша саралайды.

25. Мүдделі тараптардың маңыздылығының алынған бағасының негізінде Холдингінің құрылымдық бөлімшелері қызметтің ерекшелігіне байланысты мүдделі тараптармен өзара әрекеттік бағыттарын анықтайды.

26. Мүдделі тараптармен өзара әрекеттестіктің негізгі нысандары: бірлескен бағдарламалар мен жобалар, ынтымақтастық туралы меморандумдар, бірлескен жұмыс топтары, қызмет туралы есептілік, кездесулер, кеңесулер, жарияланымдар, сұхбат және басқалар болып табылады.

27. Мүдделі тараптармен өзара әрекеттестіктің негізгі салалары: стратегиялық жоспарлау, қаржы қызметі, жобаларды басқару, тауарлар,

жұмыстар және қызметтер жеткізу, заң шығарушылық, операциялық қызмет, бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара әрекеттестік.

28. Холдинг стейкхолдерлердің, оның ішінде тұрақты даму мәселесіндегі мүдделілік дәрежесін анықтау мақсатында тұрақты даму саласындағы қызмет бағытына жетекшілік ететін құрылымдық бөлімше анықтайтын негізгі стейкхолдерлерге сауалнама нысандарын жыл сайын жолдайды.

29. Холдингтің мүдделі тараптармен өзара әрекеттестігін ұйымдастыру процесі мүдделі тараптардың мүдделерін Холдинг қызметін басқару процесінің барлық кезеңдерінде есепке алуды және мүдделі тараптарды мағыналы тақырыптар мен маңызды мәселелерді, әлеуетті тәуекелдер мен жауапкершілік шекараларын талқылауға тартуды білдіретін еліктіру қағидасына негізделген.

30. Өз кезегінде еліктіруге келесі үш қағида сақталған кезде қол жеткізіледі:

1) елеулілік. Холдинг өзінің мүдделі тараптарын анық айқындайды және мүдделі тараптардың қай мүдделері елеулі болып табылатынын ұғынады.

2) толықтық. Өз қызметінің барысында Холдинг мүдделі тараптардың қауіптеріне назар аударады, атап айтқанда, олардың көзқарастарын, қажеттіліктерін және қызметтің күтілетін нәтижелерін, сондай-ақ маңызды мәселелер бойынша пікірлерін түсінеді.

3) елеу. Холдинг мүдделі тараптардың барлық елеулі мәселелерін дәйектілікпен елейді.

31. Мүдделі тараптармен қарым-қатынастарды басқаруды ұйымдастыру мақсатында Холдинг өз қызметін келесі базалық қағидаларына аударады:

1) барлық мүдделі тараптардың мүдделерін құрметтейді және ескереді;

2) мақсатты аудиторияларды өз қызметі туралы белсенді хабардар етуге тырысады;

3) мемлекеттік бағдарламаларды, жекелеген ішкі рәсімдерді іске асыру (сатып алу, жұмысқа қабылдау бойынша сыртқы кандидаттар арасында конкурстық іріктеу, қаржылай және қаржылай емес қызметтер ұсыну), сондай-ақ қаржылай қаражаттарды пайдалану кезінде объективтілікті, дұрыстықты, тәуелсіздікті және ақпараттық айқындылықтың жоғары деңгейін қамтамасыз етеді;

4) барлық мүдделі тараптармен ашық және өнімді ынтымақтастықты қамтамасыз етеді;

5) мүдделі тараптардың арасында өзіне алған міндеттемелерді орындайды;

6) мүдделі тараптардан кері байланысты тұрақты негізде алады.

32. Мүдделі тараптарға ықпалды басқару тәсілдерін нысандау кезінде Холдинг төменде белгіленген талаптарды сақтау қажеттілігін ескереді. Бұл

ретте Холдингтің ЕҰ-ы мүдделі тараптарға ықпалды басқарудың өз тәсілдерін нысандау кезінде бұл талаптарды ескереді.

33. Жалғыз акционерімен және мемлекеттік органдармен өзара әрекеттестік кезінде:

1) Холдинг Қазақстан Республикасы заңнамасының, Жарғысының және Холдингтің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы расталған ақпарат береді;

2) Холдинг түйінді шешімдерді тиімді қабылдауға бағытталған корпоративтік басқару қағидаларының шеңберінде Жалғыз акционердің құқықтарының іске асырылуын қамтамасыз етеді;

3) Ақпаратты ашу және/немесе құпиялылық туралы шарттардың және/немесе келісімдердің шеңберінде басқа ұйымдардан алынатын құпия ақпаратты қоспағанда, Холдинг жоспарлары, жетістіктері, қызметінің проблемалары туралы қосымша мәліметтер, сондай-ақ Холдингтің қызметі туралы басқа ұйымдардың зерттеулерін береді;

4) Холдинг тұрақты даму саласындағы халықаралық рейтингтерге, кредиттік рейтингтерге қатысады.

34. ЕҰ-мен өзара әрекеттестік кезінде:

1) Холдинг ЕҰ-ның мақсаттарына уақтылы қол жеткізуге септігін тигізеді;

2) Холдинг ЕҰ-ның мүдделерін ескереді және корпоративтік басқару қағидалары мен бекітілген ішкі нормативтік құжаттарға негізделген өзара әрекеттестіктің дәлме-дәл және жедел процесін қамтамасыз етеді;

3) Холдинг ЕҰ-на олардың тиімділігі мен залалсыздығын, нарықтық тартымдылығы мен бәсекеге қабілеттілігін көтеру мақсатында консультациялық қызметтер көрсетеді;

4) Холдинг барлық ЕҰ-ның жұмысына бірыңғай стандарттар мен талаптарды қолдану жолымен ЕҰ-мен тиімді өзара әрекеттестікті жүзеге асырады;

5) Холдинг өзінің басқарушылық функцияларын іске асыру кезінде өзара көмек және ынтымақтастық ахуалын сақтайды, сондай-ақ өз ЕҰ-ның басқарушылық, ғылыми, технологиялық және абыройлық әлеуетін дамытады;

6) Холдингтің мамандары құжаттарға және ЕҰ жұмыс нәтижелеріне сапалы сараптаманы жүзеге асырады.

35. Инвесторлармен және контрагенттермен өзара әрекеттестік кезінде:

1) Холдинг қаржылық жағдайы, дивиденд саясаты және кредит тарихы туралы, сондай-ақ ЕҰ-ның даму перспективалары туралы өзекті ақпаратты жетілікті дәрежеде ашады;

2) Холдингтің қаржылық және басқарушылық есептілігі заңнамаға және нормативтік талаптарға сәйкес дайындалады және беріледі, бұл ретте қаржы есептілігін тәуелсіз аудиторлар тексереді;

3) Жалғыз акционердің және басқа мүдделі тұлғалардың (республикалық, жергілікті билік органдары) ықпалы туралы, сондай-ақ

мүдделі тұлғалармен мәмілелерді бақылау және келісу тәртібі туралы ақпарат белгілі, айқын және қолжетімді;

4) Холдинг инвестициялық және стратегиялық шешімдер қабылдау тәсілдерінің белсенді коммуникациясын жүзеге асырады;

5) Холдинг іскерлік әріптестерінің алдындағы өз келісімшарттық міндеттемелерін адал орындайды;

6) Холдинг Қазақстан Республикасының заңнамасына қатаң сәйкестікпен ақпараттық айқындылықты, ашықтықты, тең құқықтылықты, әділдікті, кемсітушілік пен негізсіз шектеулердің болмауын қамтамасыз етеді;

7) Холдинг жетекші әлемдік практикаға сәйкес корпоративтік басқару және корпоративтік басқару жүйесін жітелдіру саласындағы қағидаларды сақтайды.

36. Клиенттермен және тұтынушылармен өзара әрекеттестік кезінде:

1) Холдингтің қызметтері тұтынушылар үшін қолжетімді болып табылады;

2) Холдинг тұтынушы деректері мен коммерциялық ақпаратты жылыстаудан және заңсыз пайдаланудан қорғау мақсатында олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;

3) Холдинг тұтынушылардың барлық топтарына кемсітусіз бірдей сападағы және бірдей деңгейдегі қызметтерді ұсынады;

4) Холдинг халыққа сервис пен қызмет сапасын арттыруға қолғабыс көрсетеді, бұл клиенттерге қызмет ету стандарттары жақсартыла отырып көрсетіледі;

5) Холдинг жаңа құралдары және жұмыс қағидалары туралы ақпаратты клиенттеріне ұдайы негізде хабарлап отырады;

6) Холдинг өз мүкіндіктеріне қарай және қолжетімді нысанда тұтынушылары мен өз клиенттерінің қаржылық сауаттылығын көтеруге септігін тигізеді.

37. Қызметкерлермен өзара әрекеттестік кезінде:

1) Холдинг ашық, айқын, білікті және ынталы персоналды қалыптастыруға бағытталған кадр саясатын қамтамасыз етеді;

2) Холдинг еңбек қызметі барысында олардың әлеуетін іске асыру, олардың қызметін бейтарап және әділ бағалау үшін барлық жұмыскерлерге тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді;

3) Холдингте жұмыскерлерді іріктеу және мансап бойынша өсіру тек кәсіби қабілетінің, білімі мен дағдысының негізінде жүзеге асырылады;

4) жұмыскерлердің тиімді коммуникациясы және өзара әрекеттестігі жұмыскерлерді ұдайы хабарландырудың ішкі корпоративтік көздерін және коммуникация арналарын ұйымдастыру жолымен, оның ішінде ішкі порталдың (интранет) жұмысы, жұмыскерлердің пікірлері мен ұсыныстарын ұдайы зерттеу, жұмыс топтарының қызметін ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етіледі.

38. Жұртшылықпен өзара әрекеттестік кезінде:

- 1) Холдинг жұртшылықпен тиімді және жедел өзара әрекеттестік жасайды;
- 2) Холдинг әлеуметтік маңызды жобаларды іске асыруға белсенді қатысады;
- 3) Холдингке жіберілетін сауалдарға жауаптар уақтылы және толық көлемінде беріледі;
- 4) Холдинг бағдарламалардың іске асырылу барысын талқылау, пікір алмасу үшін жұртшылықпен ұдайы кездесулер ұйымдастырады (дөңгелек столдар, брифингтер, ашық кеңістікке ақпарат орналастыру);
- 5) Холдингтің демеушілік және қайырымдылық қызметі халықтың қорғалмаған бөлігіне және аз қамтамасыз етілген азаматтарға көмек көрсетуге, ұлттық құндылықтарды жандандыруға, мәдениетті, ғылым мен білімді қолдауға бағытталған.

2-тарау. Холдингтің тұрақты даму саласындағы қызметінің бағыттары

5 Тұрақты дамудың экономикалық, экологиялық және әлеуметтік құрауыштары

5.1 Ұлттық экономиканың тұрақты дамуына қолғабыс көрсету

39. Холдингтің миссиясы мемлекеттік саясатты іске асыру және «Стратегия - 2050»-мен белгіленген мақсаттарға қол жеткізу мақсатында Қазақстан Республикасының тұрақты экономикалық дамуына қолғабыс көрсету болып табылады.

40. Холдинг Қазақстан Республикасының түйінді қаржы институты ретінде негізгі әлеуметтік маңызды мемлекеттік бағдарламаларды – халықты қолжетімді баспанамен қамтамасыз етуден бастап ірі индустриялық жобаларды қолдауға дейінгі бағдарламаларды іске асыруға қатысады.

41. Холдинг өз миссиясын іске асыру шеңберінде шешетін түйінді міндеттер:

- 1) экономиканың шикізаттық емес салаларын дамыту;
- 2) кәсіпкерлікті дамыту (экономиканың жекеменшік секторын);
- 3) экономиканың қалалануын қолдау;
- 4) шикізаттық емес өнімдер экспортын қолдау;
- 5) инновацияларды дамыту болып табылады.

42. Қызметінің бес бағытында тиімді жұмыс атқару үшін Холдинг ЕҰ функциялар қоржынын оңтайландыру және олардың одан әрі дамуын анықтау жұмысын жүзеге асырады.

43. Холдинг Yellow pages rule қағидаларына сүйене отырып, жеткілікті көлемде және деңгейде жекеменшік секторда іске асырылатын функцияларды жүзеге асырмайды.

44. Өз қызметінің шеңберінде Холдинг өңірлердің дамуына елеулі қолғабыс көрсетеді, осыған байланысты Холдинг кезең сайынғы негізде

сабақтас салаларға және тұтастай экономикаға мультипликативтік әсерді бағалайды.

45. Холдинг инвесторлар үшін қаржылық емес ақпаратты ашудың маңыздылығын түсініп, ішкі және сыртқы нарықтарда инвестициялар тарту және қаржы құралдарын дәріптеу жөніндегі белсенді жұмыс жүргізеді.

46. Экономикалық тиімді және тұрақты қызмет мақсаттарына қол жеткізу кезінде Холдинг экологиялық және әлеуметтік мәселелерде, сондай-ақ Холдинг пен оның ЕҰ-нан қаржылық қолдау алатын жобалардың шеңберінде корпоративтік басқару мәселелерінде (ESG факторлары) бұл саладағы негізгі халықаралық стандарттарға - БҰҰ жауапты инвестициялау қағидаларына және Экватор Қағидаларына сәйкес жауапты инвестициялау практикасын дамыту мақсатында озық халықаралық практиканы ұстанады.

47. Холдинг ESG факторларын және жобаларды басым ету құралын – қаржылық қолдау көрсету бойынша шешімдер қабылдау барысында Даму индексін Холдингтің және оның ЕҰ-ның контрагенттерін ESG факторларымен және Даму индексімен таныстырудың көмегімен ендіруге және интеграциялауға тырысады.

48. Холдинг және оның ЕҰ-ы өз контрагенттерінен:

1) қоршаған ортаға және қоғамға нақты және мүмкін ықпалдарды анықтау, бағалау жөніндегі экологиялық тәуекелдерді (қоршаған ортаны) басқару жүйелерін қолдануды, басқарудың тиісті шараларын анықтауды және нәтижелі енгізуді, экологиялық тәуекелдер деңгейін бақылауды жүзеге асыруды;

2) адам ресурстарын басқару және бірігу еркіндігі мен ұжымдық шарттар жасасу құқығын қоса алғанда, жұмыстардың құқықтарын басқаруға негізделуі тиіс жұмыскерлердің денсаулығын қамтамасыз ету (сақтау) жүйесін қолдануды күтеді; бұл жүйе жұмыскерлерге әділ болуды, оларға қауіпсіз және саулықты еңбек жағдайларын жасауды, халық топтарымен тұтынушылардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне қолайсыз ықпалдарды ескертуді және болдырмауды қамтамасыз етуі тиіс;

3) әділдік, адалдық, жауаптылық, айқындылық, кәсіпқойлық және құзыреттілік қағидаларына негізделген адал корпоративтік басқару жүйесін қолдануды күтеді; адал корпоративтік басқару ұйымның қызметіне мүдделі барлық тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеуді көздейді және оның табысты қызметіне, соның ішінде оның нарықтық құнының өсуіне, қаржылық тұрақтылық пен пайдалалықты сүйемелдеуге қолғабыс көрсетеді.

5.2 Өзіндік экологиялық ықпалды басқару

49. Өз қызметінің сипатына орай Холдинг қоршаған ортаға тікелей елеулі ықпал етпейді. Холдинг тұтынатын негізгі ресурстар электр энергиясы, жылу энергиясы және су болып табылады.

50. Холдинг қоршаған ортаға қолайсыз ықпалды болдырмауды барынша жақсы қамтамасыз ететін ресурстарды ұтымды пайдалану қағидалары мен әдістерін қолданады.

51. Өз қызметінде Холдинг энергияға тиімді технологияларды енгізу, су тұтынуды азайту, электрондық құжат айналымы жүйесін және екіжақты басып шығару практикасын енгізу есебінен кеңсе қажеттіліктері үшін қағаз шығыстарын азайту арқылы ресурстарды артық тұтынуды қысқартуға және қазіргі жағымсыз экологиялық ықпалды азайтуға тырысады.

52. Холдинг «жасыл кеңсе» тұжырымдамасын енгізу мүмкіндігін қарастырады, оның маңызды құрауышы жұмыскерлердің экологиялық саналылық деңгейін көтеруге бағытталған ақпараттық науқан болып табылады.

5.3 Жауапты еңбек практикасы

53. Жұмыскерлер – басты құндылық және негізгі ресурс, олардың кәсіпқойлық деңгейі мен қауіпсіздігіне Холдинг қызметінің нәтижесі тікелей байланысты болады.

54. Холдинг өз қызметкерлерімен еңбек қатынастарын заңдылық және қызметкердің жалпы мойындалған еңбек құқықтарын сақтау қағидасының негізінде құрады.

55. Өз қызметін жүзеге асырған кезде Холдинг тең мүмкіндік беру қағидасын басшылыққа алады және өз жұмыскерлерін жұмысқа қабылдау, еңбекақы төлеу, оқуға рұқсат беру, лауазымын көтеру, жұмыстан шығару кезінде жынысы, нәсілі, тілі, діни, саяси және басқа көзқарасы, ұлттық немесе әлеуметтік тегі, шектелген мүмкіндіктері секілді негіздемелер бойынша кемсітуге жол бермейді.

56. Холдингтің персонал іріктеуге жауапты құрылымдық бөлімшесі неғұрлым білікті кандидаттарды тарту үшін кадрлар іздеу мен іріктеудің кең арнасын пайдаланады.

57. Кәсіби кадрларды одан әрі дамыту және ілгерілету мақсатында Холдинг ішінде үздік жұмыскерлерінен қатарынан біріктірілген бірыңғай кадр резерві құрылды.

58. Холдингте заманауи технологияларды және ақпаратты басқару жүйелерін қолданумен персоналды тұрақты оқыту және дамыту жүйесін жұмыс істейді.

59. Холдинг оқытудың озық нысандарын – сарапшылармен бизнес-таңғы астарды, оқытатын тағылымдаманы, коучингті, кейстерді, ой-талқыны және т.б. пайдаланады.

60. Холдинг жұмыскерлерін оқыту және кәсіби дамыту келесі қағидаларға негізделеді:

1) оқыту іс-шараларының тақырыптары мен мазмұнының жұмыскердің лауазымдық міндеттеріне, оның қызметін бағалау нәтижесіне (ПҚК карталары), жұмыскердің алдына қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкестігі;

2) оқыту іс-шараларының Холдинг қызметінің тиімділігін көтеруді, өздік корпоративтік практикалар мен стандарттарды зерделеуді қамтамасыз ететін нақты міндеттерді шешуге бағытталуы;

3) оқытудың және кәсіби дамудың жүйелік, қолданбалы, жоспарлы сипаты;

4) Холдинг жұмыскерлерінің барынша көп санын оқыту және кәсіби дамыту бағдарламаларымен қамту.

61. Холдингте оқыту процесі жұмыскерлерді құзырет бойынша жыл сайын бағалаудың негізінде құрылады.

62. Жұмыскерлердің еңбек өнімділігінің деңгейін көтеру ПҚК қолдану, персоналды аттестаттау тәсілімен және ынталандыру шараларымен әділ және жүйелі бағалау арқылы жүзеге асырылады.

63. Еңбегі үшін әділ және бәсекеге қабілетті сыйақы беруді қамтамасыз ету мақсатында Холдингте саралау жүйесі енгізілген, нарықта және салыстырмалы салада жалақыға ұдайы шолу жасалады, ынталандыруға зерттеулер жүргізіледі.

64. Холдинг жұмыс орындарында жұмыскерлердің еңбегін дұрыс ұйымдастыруды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар қабылдайды және Қазақстан Республикасының осы саладағы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін қауіпсіз еңбек жағдайларын жасауға тырысады.

65. Холдинг еңбек қауіпсіздігімен және еңбекті қорғаумен байланысты барлық оқиғалар мен проблемаларды оларды азайту немесе жою мақсатында құжаттайды және тергеп-тексереді.

66. Холдинг жұмыскерлерге еңбек қауіпсізді және еңбекті қорғау саласындағы қажетті дайындықты береді, соның ішінде жұмыскерлерді осы салада оқытады және біліктілігін арттырады.

5.4 Жауапты іскерлік практика

67. Холдинг сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтайды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұратын саясаттар мен практикаларды ұстанады.

68. Холдингтің барлық деңгейдегі басшылары өзіне бағынысты қызметкерлерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәртіп бойынша үлгі болады, сондай-ақ также сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатқа бейімділігін, оны ынталандыратынын және қадағалайтынын көрсетеді.

69. Холдинг өзінің лауазымды тұлғаларының, жұмыскерлерінің, контрагенттерінің сыбайлас жемқорлық және оған қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша хабардар болу деңгейін көтереді.

70. Холдингите жұмыскерлерді сыбайлас жемқорлықты жою бойынша оқыту тұрақты негізде өткізіледі.

71. Холдингите кері байланыс тетіктері жұмыс істейді, олар арқылы Холдингтің лауазымды тұлғалары, жұмыскерлері мен контрагенттері, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалар Холдингтің кез келген лауазымды тұлғасы, жұмыскері, Холдингтің контрагентінің кез келген лауазымды тұлғасы, жұмыскері, өкілі жасаған мүмкін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туралы мәлімет бере алады.

72. Холдингтің лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері мүдделер қақтығысынан бос айқын, заманауи және сәйкес шешім қабылдау үшін жауап береді.

3-тарау. Осы Саясатты іске асыру тетіктері

6 Жауапкершілікті бөлу

73. Холдингите тұрақты дамуды басқару Холдинг қызметін басқарудың жалпы жүйесі шеңберінде жүзеге асырылады және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

74. Холдинг Басқармасы тұрақты дамуды басқарудың лайықты жүйесін қалыптастыруды және оны енгізуді қамтамасыз етеді.

75. Холдинг Басқармасы тұрақты даму саласындағы іс-шаралардың тиісті жоспарын бекітеді.

76. Холдингтің Стратегия және корпоративтік даму комитеті тұрақты даму саласындағы іс-шараларды үйлестіру үшін жауап береді.

77. Холдингтің тұрақты даму саласындағы қызмет бағытына жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшесінің басшысы осы Саясатты басқарудың қамтамасыз етілуі үшін жауап береді.

78. Холдингтің құрылымдық бөлімшелері Холдингтің Даму стратегиясында белгіленген тұрақты даму саласындағы ПҚК қол жеткізуді қамтамасыз ететін тұрақты даму саласындағы іс-шараларды іске асырады.

79. Тұрақты даму саласындағы іс-шараларды іске асыру және ПҚК қол жеткізу үшін дербес жауапкершілікті Холдингтің тиісті құрылымдық бөлімшелерінің басшылары көтереді.

80. Холдингтің құрылымдық бөлімшелері тұрақты даму саласындағы іс-шараларды іске асыру нәтижелері туралы ақпарат, сондай-ақ Холдингтің тұрақты даму саласындағы қызмет бағытына жетекшілік ететін департаменттің сауалы бойынша Холдингтің жылдық есебіне енгізу үшін ақпарат береді, қажет болса Холдингтің осы саладағы қызметін басқару бойынша ұсыныстар енгізеді.

81. Холдингтің тұрақты дамуы саласындағы қызмет бағытына жетекшілік ететін құрылымдық бөлімше келесі функцияларды орындайды:

1) тұрақты даму саласындағы қызметті жоспарлауды жүзеге асырады – ішкі және сыртқы жағдайды талдайды, тұрақты даму саласындағы мақсаттарды, сондай-ақ мақсаттық көрсеткіштерді, тұрақты дамудың үш кұрауышы бойынша қызметті жақсарту және жетілдіру жөніндегі іс-шараларды, жауапты тұлғаларды, қажетті ресурстарды және орындау мерзімін анықтайды;

2) Холдингтің құрылымдық бөлімшелерінің осы Саясаттың мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге бағытталған қызметіне жетекшілік етеді;

3) тұрақты даму саласындағы іс-шаралар жоспарын және ПҚК орындау бойынша есепті дайындайды;

4) тұрақты даму туралы бөлімді енгізе отырып Холдингтің жылдық есебін дайындайды;

5) Холдингтің/ЕҰ лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің тұрақты даму саласындағы біліктілігін арттыру мақсатында Холдинг/ЕҰ жұмыскерлері үшін сыртқы жаттықтырушыларды тартумен не өз бетінше оқыту семинарларын өткізеді;

6) Холдингтің ЕҰ-мен тұрақты даму мәселелері бойынша өзара әрекеттестік жасайды, оның ішінде ЕҰ-ның тұрақты даму саласындағы ішкі нормативтік құжаттары мен жоспарларын келіседі;

7) халықаралық ұйымдармен, институттармен, агенттіктермен тұрақты даму мәселелері бойынша өзара әрекеттестік жасады.

7 Тұрақты даму қағидаларының түйінді процестерге интеграциясы

82. Холдинг тұрақты даму қағидаларын Холдингтің Даму стратегиясына және түйінді процестеріне, соның ішінде жоспарлауға, есептілікке, тәуекелдерді басқаруға, инвестицияларға, операциялық қызметке және басқаларға, сондай-ақ органдардан бастап (Жалғыз акционер, Директорлар кеңесі, Басқарма) қатардағы жұмыскерлерге дейін барлық деңгейде шешімдер қабылдау процестеріне интеграциялайды.

7.1 Шешім қабылдау процестері

83. Холдингте шешім қабылдау процесі мыналарға орай құрылады:

1) тұрақты даму қағидаларына бейімділікті Холдингтің уәкілетті органдары белгілейді;

2) шешім қабылдау процесі қаржы, табиғат және адам ресурстарын тиімді пайдалануға септігін тигізеді;

3) Холдингте басқарушы лауазымдар үшін тең гендерлік және нәсілдік мүмкіндіктер берілген;

4) Холдингте өзара әрекеттестікті жақсарту үшін салаларды анықтауға көмектесетін мүдделі тараптармен екіжақты ақпарат алмасу процестері белгіленген;

5) Холдингите кезең сайынғы негізде басқару процестерін талдау мен бағалау, қажет болса, процестерді түзету және тиісті ақпаратты барлық мүдделі тұлғаларға хабарлау жүргізіледі.

7.2 Даму стратегиясы және жоспарлау

84. Стратегиялық интеграция Холдингінің тұрақты даму саласындағы мақсаттары мен міндеттерін ескере отырып, Холдингінің Даму стратегиясын өзектендіруді көздейді.

85. Тұрақты даму жөніндегі іс-шаралар Холдингінің Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына енгізілген.

7.3 Корпоративтік басқару

86. Холдингінің тұрақты дамуын басқару жүйесі корпоративтік басқару жүйесімен үздіксіз байланысты болады.

87. Холдингінің КБК негіз болатын қағидаларының бірі тұрақты даму қағидасы болып табылады.

88. Барлық жұмыскерлер және барлық деңгейдегі лауазымды тұлғалар тұрақты дамуға үлесін қосады.

7.4 Операциялық қызмет

89. Тауарлар, жұмыс, қызмет жеткізушілерді таңдауды Холдинг Қазақстан Республикасы заңнамасының және ішкі құжаттардың талаптарына сәйкес айқын негізде жүзеге асырады, және тауарлар, жұмыс пен қызмет жеткізудің үздік бағасын, сапасы мен шарттарын таңдауға, сондай-ақ контрагенттің жақсы іскерлік абыройына негізделеді.

90. Холдинг тұрақты даму қағидаларын тұрақты даму мақсаттарымен келісілгендікті көтеру үшін әріптестермен тиісті келісімшарттарға (келісімдерге, шарттарға) енгізу мүмкіндігін қарастырады.

7.5 Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау

91. Холдингінің әрекеттері мүдделі тараптардың мүдделерін қорғайды және олардың тарапынан сынның мәні болуы мүмкін. Мүдделі тараптардың сынын Холдинг өзінің абыройына мүмкін жағымсыз ықпалдың көзі ретінде қарайды. Холдингінің тұрақты даму саласындағы тәуекелінің негізгі түрі мақсатты аудиторияның Холдинг қызметіне сенім деңгейінің төмендеуімен байланысты бедел тәуекелі болып табылады.

92. Бедел тәуекелін басқарудың негізгі құралы мүдделі тараптармен тұрақты диалог жүргізу, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына мониторинг жүргізу, өтініштерді қарау, сауалнама жүргізу және мүдделі тараптармен кездесу болып табылады.

93. Ұзақ мерзімді кезеңде Холдингінің тұрақты дамуына ықпал ететін басқа тәуекелдер ретінде Холдингінің ішкі құжаттарымен анықталатын өзге тәуекелдер қарала алады.

94. Холдинг тұрақты даму саласындағы тәуекелдерді анықтау мақсатында Холдингке ықпал ететін ішкі және сыртқы факторларға талдау жүргізеді.

95. Холдинг тұрақты даму саласындағы тәуекелдерін Холдингтің тәуекелдер тіркеліміне енгізеді және оларды азайту шараларын қабылдайды.

7.6 Қаржылай қолдау

96. Холдинг және оның ЕҰ қызметтің келесі түрлеріне қаржылай қолдау көрсетпейді:

- 1) пайдалы қазбалар өндіру (егер жоба шеңберінде оларды одан әрі қайта өңдеу көзделмесе);
- 2) ойын бизнесі;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынған қызмет түрлері;
- 4) халықаралық қаржы ұйымдарымен бірлескен жобаларды іске асыру кезінде – бұл халықаралық қаржы ұйымдары тыйым салған қызмет түрлері;
- 5) Холдинг Басқармасының шешімі бойынша қызметтің басқа түрлері.

97. Жобалық портфельді қалыптастыру кезінде Холдинг БҰҰ тұрақты даму мақсаттарына сай келетін және Қазақстан Республикасының тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі ықпал ететін жобаларға, оның ішінде:

- 1) ауқымды және тұрақты индустриялануға;
- 2) қалалар мен елді мекендердің ашықтығына, қауіпсіздігіне, өміршеңдігіне және экологиялық тұрақтылығына;
- 3) Қазақстан Республикасының және жекелеген облыстардың/қалалардың экономикасын әртараптандыруға қолғабыс көрсететін жобаларға басымдық береді.

98. Холдинг қоршаған ортаны қорғау және қаржыландырылатын жобалар мен өзге қызметтердің әлеуметтік ықпалы саласындағы озық халықаралық практиканы қолдануға тырысады.

99. Холдингтің қаржылай қолдау беру туралы шешім қабылдауы кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін, мемлекеттік экологиялық сараптама саласындағы уәкілетті органдар берген рұқсат құжаттарының болуы ұсынылады.

100. Қаржыландырылатын жобалардың қоршаған ортаға және қоғамға ықпалының ауқымы мен сипатына байланысты Холдинг жобалардың экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерін бағалау мен мониторингтеу мақсатында шарттық негізде консалтинг, аудиторлық, ғылыми-зерттеу ұйымдарын, сондай-ақ жекелеген сарапшыларды тарта алады.

101. Жобаларды бірге қаржыландыру үшін басқа халықаралық және ұлттық қаржы институттарын тартқан жағдайда, Холдинг мұндай ұйымдар

берген құжаттардың тиіс ережелерін, мұндай құжаттар бар болса, басшылыққа алады.

102. Тұрғын үй құрылысы жобаларын іске асыру шеңберінде Холдингтің ЕҰ-ы Қазақстан Республикасының құрылыс нормалары мен ережелерін басшылыққа алады. Тұрғын үй құрылысы жобаларының шеңберінде шешім қабылдау кезінде Холдингтің ЕҰ құрылысты іске асыру аумағында қоршаған орта мен қоғамға жағымсыз әсерді барынша азайтуға тырысып, экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді есепке алады.

103. Холдинг тұрақты даму саласындағы халықаралық бастамаларға қатысуды сонымен қатар жауапты инвестициялау практиксын қолдануға қатысты бастамаларға қосылу арқылы біртіндеп кеңейтуге ниетті.

8 Тұрақты даму саласындағы ақпаратты ашу

104. Холдингтің осы Саясаты кең жұртшылық үшін ашық болып табылады және корпоративтік интернет-сайтқа орналастырылады.

105. Холдинг осы Саясатты іске асыру нәтижелерін мүдделі тараптар үшін корпоративтік интернет-сайттың тиісті бөлімінде, сондай-ақ Холдингтің жылдық есебінде ұдайы ашады.

106. Холдингтің жылдық есепті қалыптастыру тәсілдері ақпарат ашудың халықаралық стандарттарына - GRI Стандарттарына негізделеді.

4-тарау. Қорытынды ережелер

107. Осы Саясат бекітілген кезінен бастап қолданысқа енгізіледі.

108. Холдинг осы Саясаттың ережелерін өз қызметіне енгізуге тырысады.

109. Холдинг осы Саясатты заңнамада және халықаралық және ұлттық практикада тұрақты даму саласындағы жаңа стандарттардың пайда болуын ескере отырып, Жалғыз акционердің, Холдингтің және өзге мүдделі тұлғалардың мүдделерін басшылыққа ала отырып жетілдіретін болады.